

**"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері" туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысына
толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 7 қарашадағы № 985 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері" туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысына
мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар
министрлігі туралы ережеде:

16-тармақ мынадай мазмұндағы 175-10) және 175-11) тармақшалармен
толықтырылсын:

"175-10) трассалық медициналық-құтқару пункттерін орналастыру және қайта
орналастыру жөніндегі орындарды айқындау әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

175-11) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде халыққа (
оның ішінде азаматтық қорғау органдарының қызметкерлеріне) шұғыл психологиялық
көмек көрсету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Ә. Смайылов